Күндізгі ұйқы	Киімдерін шешім жайлы киім ауыстыруға көмектесу, төсектеріне жатуға көмектесу. Әр балаға жылы қарым-қатынас танытып, тыныштандыру (аялап сипау, жылы сөз айту). Ұйқы кезінде бөлмеде тыныштық пен қолайлы жағдай жасау: жарықты бәсеңдету, таза ауа кіргізу.	Маркировка бойынша балалар өз орындарын тауып жату, «мақта қыз» ертегісінің аудио нұсқасын қосу.		Киімдерін шешім жайлы киім ауыстыруға көмектесу, төсектеріне жатуға көмектесу. Әр балаға жылы қарым-қатынас танытып, тыныштандыру (аялап сипау, жылы сөз айту). Ұйқы кезінде бөлмеде тыныштық пен қолайлы жағдай жасау: жарықты бәсеңдету, таза ауа кіргізу.	Жайлы киім киюге көмектесу, «Адал ас» ертегісінің аудио нұсқасын қосу. Бөлмеде тыныштық орату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды жағымды әуенмен ояту, балаларды кедір бұдырлы ж Балалар аяқтарын тік басып тұрады. Табандарын кезек-кезек көтеріп, еденге жеңіл тию қимылын жасайды. олдармен	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар		Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар	Жағымды музыка қою Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар
Бесін ас	Балаларды үстелде түзу отыруын қамтамасыз ету, ас ішкенде артықіс-әрекеттер жасауға болмайтынын түсіндіру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды үстелде дұрыс отыруын бақылау, берілген асты ұқыптылықпен ішуін түсіндіру. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**		Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Тақырыбы:** Әртүрлі заттардан тұратын жиын **Міндеті:** Жиынның әртүрлі өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру **Іс-әрекеті:** **Математика негіздері:** Балаларға әртүрлі көлемдегі заттар ұсынылады, олар бір жиынға біріктіріледі, «бәрі бірге» ұғымы түсіндіріледі **Құрастыру:** Балалар өз бетінше ойдан құрастырып, әртүрлі бөлшектерді бір құрылысқа біріктіреді **Нәтиже:** Балалар жиынның әртүрлі заттардан тұратындығын түсінеді **Математика негізі , құрастыру таным іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** Екі қатарды салыстырамыз **Міндеті:** Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруға үйрету **Іс-әрекеті:** **Математика негіздері:** Екі қатарға қойылған заттар салыстырылады, қай қатарда көп немесе аз екені анықталады **Құрастыру:** Құрылыс бөлшектерін екі қатарға орналастырып, салыстыра отырып құрастыру **Нәтиже:** Балалар екі қатардағы заттарды салыстыра алады **Математика негізі , құрастыру таным іс-әрекеті**		**Тақырыбы:** Жуан және жіңішке заттар **Міндеті:** Заттарды жуандығы бойынша салыстыру дағдысын дамыту **Іс-әрекеті:** **Математика негіздері:** Балалар жуан және жіңішке таяқшаларды, жіптерді салыстырып, айырмашылығын айтады **Құрастыру:** Жуан және жіңішке бөлшектерді пайдаланып, үй немесе қоршау құрастырады **Нәтиже:** Балалар заттарды жуандығы бойынша ажырата алады **Математика негізі , құрастыру таным іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** Әртүрлі өлшемдегі заттардан тұратын жиын **Міндеті:** Жиынның әртүрлі өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік қалыптастыру **Іс-әрекеті:** **Математика негіздері:** Балалар әртүрлі көлемдегі ойыншықтарды бір жиынға біріктіреді, олардың барлығы бірге жиын екенін анықтайды **Құрастыру:** Балалар өз бетінше ойдан құрастырып, әртүрлі бөлшектерді бір құрылысқа біріктіреді **Нәтиже:** Балалар жиынның әртүрлі өлшемдегі заттардан тұратынын түсінеді **Математика негізі , құрастыру таным іс-әрекеті**
Балалармен жеке жұмыс	**Жангүл** Кітап оқу: баламен бірге суретті кітаптардан ертегілер оқу, оларды талқылау. Сөздер мен сөйлемдерді	**Жангүл** **Моторика Дамыту** Мүсіндеу: пластилин немесе балшықпен жұмыс жасау, әртүрлі формаларды құрастыру. Жапсыру: түрлі-түсті		**Жангүл** **Ойын Дамыту** Құрылыс ойыншықтарымен жұмыс: конструкция құрастыру, логикалық ойындар.	**Жангүл** **Саусақпен Сурет Салу Бояу Және Саусақпен Сурет:** Саусақтарды бояуға малып, қағазға сурет салу (мысалы, гүлдер, ағаштар,

	толықтыру: баланың өз сөздік қорын байыту. Дыбыстарды айту: нақты дыбыстар мен сөздерді айтуға көңіл бөлу.	қағаздар мен жапсырмаларды пайдаланып, шығармашылық жұмыстар жасау. Дене жаттығулары: ұсақ мотериканы дамыту үшін қолмен жаттығулар (мысалы, түймелерді немесе зымырандарды жинау).		Рөлдік ойындар: «Дәрігер», «Дүкен» немесе «Отбасы» ойындарын ұйымдастыру.	жануарлар). **Құмда Сурет Салу:** Далада немесе үйде арнайы тақтада құммен сурет салу.
Серуенге дайындық	Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу		Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қыс мезгілінің ерекшелігі туралы қысқа әңгіме жүргізеді: қар, аяз, мұз, күннің қысқалығы, жылы киіну қажеттілігі туралы айту
Серуен	**Серуен картотекасы №6 Топ бөдмесінде «Менің сүйікті ойыншығым»** **Мақсаты:** Ойыншықтарды атауға, ұстап көруге үйрету. **Барысы:** Тәрбиеші ойыншықтарды (доп, қуыршақ, машина) көрсетеді, балалар оларды ұстап көреді.	**Серуен картотекасы №7 Тақырып: «Қар қандай?»** **Мақсаты:** Қардың қасиеттерін таныстыру. **Бөлмеде:** Қардың суреттерін көрсету, балаларға “ақ”, “суық” деген сөздерді айту. **Далада:** Балалар қарды ұстап көреді, ериді ме, суық па — байқайды. **Ойын:** «Қар домалат!»		**Серуен картотекасы №9 «Машинаны итереміз»** **Мақсаты:** Заттық әрекетті үйрету — итеру, домалату. **Бөлмеде:** Ойыншық машинаны көрсету, дөңгелегін айналдыру. **Далада:** Машинаны қар үстінде итеру. **Ойын:** «Жолда келе жатқан көлік»	**Серуен картотекасы №10 Тақырып: «Текшелерден үй саламыз»** **Мақсаты:** Заттық-бағдарлық әрекетті орындау. **Бөлмеде:** Текшелерді бірінің үстіне қою. **Далада:** Қардан шағын үйшік жасау. **Ойын:** «Үйшік салдық»

	Ойын: «Кім не ұстады?» **Сөздік:** Доп, қуыршақ, машина. **Қимыл:** Допты домалату, қуыршақты тербету.	**Барысы:** Балалар алақанымен қарды домалатады, тәрбиеші сұрайды: “Қар жұмсақ па?”, “Суық па?” **Тіл дамыту:** Ақ, қар, суық, ериді. **Қоршаған әлеммен таныстыру)**		**Барысы:** Балалар кезекпен машинаны итеріп жүргізеді. **Тіл дамыту:** Машина, жол, дөңгелек. **Қоршаған әлеммен таныстыру)**	**Барысы:** Балалар бірге үй тұрғызады, “Бұл кімнің үйі?” деп сұрақ қою. **Қоршаған әлеммен таныстыру)**
Серуеннен оралу	Балаларды сырттан кіргенде қауіпсізді сақтап реттілікпен кіруге дағдыландыру, сырт киімдерін шешіп ,ілуіне көмек көрсету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	Сырттан бөлмеге кіргенде реттілікпен қолдарын сабын қолданып жуу қажет екенін ескертіп, жууға көмек беру. **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**		Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу
Кешкі Ас	Балаларды үстелде түзу отыруын қамтамасыз ету, ас ішкенде артықіс-әрекеттер жасауға болмайтынын түсіндіру **Кесте бойынша кезекшілікті орындау** **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды үстелде дұрыс отыруын бақылау, берілген асты ұқыптылықпен ішуін түсіндіру. **Кесте бойынша кезекшілікті орындау** **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**		Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **Кесте бойынша кезекшілікті орындау** **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Кесте бойынша кезекшілікті орындау** **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-	**Тақырыбы:** Түстер әлемі **Міндеті:** Балалардың гүлдер	**Тақырыбы:** Қоңыр реңк **Міндеті:** Қоңыр түспен таныстыру	**Тақырыбы:** Қызғылт сары түс **Міндеті:** Қызғылт сары реңкті өз	**Тақырыбы:** Ашық жасыл реңк **Міндеті:** Ашық жасыл түсті алу	**Тақырыбы:** Ұлттық бұйымдар **Міндеті:** Қазақ халқының сәндік-

рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	мен қоршаған заттардың түстері туралы ұғымдарын байыту **Іс-әрекет барысы:** **Сурет салу:** гүлдер мен заттардың суреттерін көрсетіп, олардың түстерін атау. Балалар қылқаламмен негізгі түстерді пайдаланып сурет салады **Мүсіндеу:** Балалар сазбалшықтан домалақ және сопақ пішінді гүл бейнелерін мүсіндейді **Жапсыру:** Дайын гүл пішіндерін қағаз бетіне өз қалауы бойынша орналастырып жапсырады **Нәтиже:** Балалар негізгі түстерді таниды және шығармашылықта қолданады **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	және оны өз бетінше жасауға үйрету **Іс-әрекет барысы:** **Сурет салу:** сары мен қара түстерді араластырып қоңыр түс алуды көрсету. Балалар қоңыр түспен ағаш немесе жер бейнесін салады **Мүсіндеу:** Қоңыр түске жақын сазбалшықтан қарапайым көлемді зат мүсіндейді **Жапсыру:** Қоңыр түсті элементтерді қағаз бетіне орналастырып композиция құрастырады **Нәтиже:** Балалар қоңыр реңкті таниды және бояуларды араластыра алады **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	бетінше шығаруға ынталандыру **Іс-әрекет барысы:** **Сурет салу:** Балалар сары мен қызыл түстерді араластырып қызғылт сары реңк алады және гүл немесе күн бейнесін салады **Мүсіндеу:** Қызғылт сары түске жақын саздан жеміс немесе көкөніс мүсіндейді **Жапсыру:** Қызғылт сары түсті пішіндерден шағын композиция құрастырады **Нәтиже:** Балалар жаңа түсті өздігінен шығара алады **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	және табиғат бейнесінде қолдану **Іс-әрекет барысы:** **Сурет салу:** Балалар сары мен жасыл түстерді араластырып ашық жасыл реңк алады, шөп немесе жапырақ салады **Мүсіндеу:** Жапырақ немесе өсімдік бейнесін көлемді пішінде мүсіндейді **Жапсыру:** Табиғат элементтерін қағаз бетіне орналастырып жапсырады **Нәтиже:** Балалар ашық жасыл реңкті таниды және қолданады **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	қолданбалы өнерімен таныстыру **Іс-әрекет барысы:** **Сурет салу:** Тәрбиеші киіз үй, сандық, кебеже, қоржын суреттерін көрсетеді. Балалар түрлі реңктерді қолданып ұлттық бұйымдарды салады **Мүсіндеу:** Балалар сандық немесе кебеженің қарапайым көлемді пішінін мүсіндейді **Жапсыру:** Киіз үй және оның жабдықтарын дайын пішіндерден құрастырып жапсырады **Нәтиже:** Балалар түстер мен реңктерді қолданып, ұлттық бұйымдарды таниды және бейнелей алады **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**
Балалардың үйге қайтуы	Балалардан ертеңгі күнге қандай іспен айналысқысы келетінін сұрау.	Ата-аналарға балалардың бүгінгі белсенділігі туралы айту		.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

				үйге қайтуы.	

Тәрбиеші:Кожина Айман Багдуллаевна
Камбарова Айымгул Кудайбергеновна

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
Топ: ересек «Ботақан» тобы
Балалардың жасы: 4 жас

Заң және тәртіп айы

Апта Дәйексөзі:
«Тәртіп - тәрбие бастауы»

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **12.01.2026**	**Сейсенбі** **13.01.2026**	**Сәрсенбі** **14.01.2026**	**Бейсенбі** **15.01.2026**	**Жұма** **16.01.2026**
Балаларды қабылдау	Балаға «Бүгін сені қандай қызық күтіп тұр!» деп ынталандыру. Баланы топқа еркін кіргізу, басқа балаларға қосу. **Медбике тексеруі ҚР әнұранын орындау**	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу**	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу**	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу**	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың қажеттіліктері мен даму динамикасын қысқаша талқылау.	бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру	Баланың әр жетістігін қолдап, оны мақтау, бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттыратынын айту	Баланың қажеттіліктері мен даму динамикасын қысқаша талқылау.	Осы артада болатын іс-шаралармен таныстыру, балаларды жарыстарқа қатыстыру туралы ұсыныстар.

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**Тақырыбы:** Ақырын сөйлейміз **Міндеті:** Сөйлеудің баяу қарқынын меңгерту **Іс-әрекеті:** **Тіл дамыту:** Тақпақты ақырын, анық айтуға жаттықтыру, тынысқа мән беру **Көркем әдебиет:** Баяу ырғақты өлең тыңдалып, сөздері бірге қайталанады **Нәтиже:** Балалар ақырын сөйлей алады **Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** Жылдам сөйлейміз **Міндеті:** Сөйлеудің жылдам қарқынын дамыту **Іс-әрекеті:** **Тіл дамыту:** Жаңылтпаштарды жылдам айтуға жаттықтыру **Көркем әдебиет:** Қысқа, көңілді өленді жылдам қарқынмен айту **Нәтиже:** Балалар сөйлеу қарқынын өзгерте алады **Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** Мамандық атауларын бекітеміз **Міндеті:** Мамандықтарды білдіретін зат есімдерді бекіту **Іс-әрекеті:** **Тіл дамыту:** «Бұл кім?» ойыны арқылы мамандықтарды атау **Көркем әдебиет:** Мамандықтар туралы әңгімеден сөздерді қайталау **Нәтиже:** Балалар мамандық атауларын сенімді айтады **Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті**	**Тақырыбы:**Еңбек әрекеттері **Міндеті:** Еңбек әрекетін білдіретін етістіктерді қолдану **Іс-әрекеті:** **Тіл дамыту:** «Кім не істейді?» ойыны арқылы етістіктерді айту **Көркем әдебиет:** Әңгімеден әрекет сөздерін тауып қайталау **Нәтиже:** Балалар әрекетті білдіретін сөздерді қолданады **Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті**	**тақырыбы:** Сөздерді байланыстырамыз **Міндеті:** Зат есім мен етістікті байланыстырып айту **Іс-әрекеті:** **Тіл дамыту:** Сөздерді септіктерде байланыстырып сөйлем құрау **Көркем әдебиет:** Сөз тіркестері кездесетін мәтінді тыңдау **Нәтиже:** Балалар сөздерді байланыстырып айтады **Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті**
Таңертенгі жаттығу	**Жаттығу** 6 **«Зырылдауық»** **Мақсаты:** Тепе-теңдік пен дене бақылауын дамыту. **Өткізу тәсілі:** Балалар бір орындарында қолдарын екі жаққа созып, айналады. Айналғаннан кейін олар түзу тұруға және	**Жаттығу** №7 **«Қоян сияқты секіру»** **Мақсаты:** Секіру қимылдарын және аяқ бұлшық еттерін дамыту. **Өткізу тәсілі:** Балалар бірге қосылып секіреді, «қоян сияқты» кіші секірістермен алға жылжиды. Бұл жаттығу аяқтың иілгіштігі мен координациясын	**Жаттығу** №8 **«Жаңбыр жауып тұр»** **Мақсаты:** Баланың қол, иық және бел бұлшық еттерін икемділігін арттыру. **Өткізу тәсілі:** Балалар алақандарымен «жаңбыр жауғандай» жеңіл қимылдар жасайды, еденге еңкейіп, алақандарымен еденді	**Жаттығу** №9 **Поезд»** **Мақсаты:** Баланың аяқ пен қол координациясын дамыту, жалпы қозғалыс белсенділігін арттыру. **Өткізу тәсілі:** Балалар бір-бірінің белінен ұстап, тізбектеліп, «поезд» сияқты қозғалады. Қозғалысты	**Жаттығу** №10 **«Кішкентай роботтар»** **Мақсаты:** Баланың моторикасын және қозғалыс дәлдігін жақсарту. **Өткізу тәсілі:** Балалар «кіші робот» ретінде қолдары мен аяқтарын бұрыштармен бүгіп, қатаң қозғалыс жасайды. Әр қозғалыс нақты және

	тепе-теңдікті сақтауға тырысады.	жақсартады.	жеңіл соғады.	басқару үшін тәрбиеші әртүрлі бағытта жүріп, пойыздың бағытын өзгертеді. Балаларға бұрылып, қадамдарын реттеуге көмектесед	баяу болуы тиіс, бұл жаттығу арқылы олар денелерін жақсырақ сезінуді үйренеді.
Таңғы ас	Майлықты дұрыс қолдануды, нанды үгітпей жеу қажет екенін ескертіп отыру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гииенасы мәдениетін уйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу, ас ішкенде дұрыс отыру қажет екенін үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Қасық ,шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету, тамақты ұқыпты ішу, дұрыс отыру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Қолдарын сабындап, көбікті үрлейді. Қасықты тәрелкеге салады. Ыстық тағамды үрлеп суытады. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
ҰІӘ дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу

Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Музыка** **Тақырыбы:** Баяу және жылдам **Міндеті:** Музыканың қарқынын байқауға үйрету, әуен ырғағын сезіну **Іс-әрекет барысы:** Балалар баяу және жылдам әуендерді тыңдайды. Музыка қарқынына сай қимыл жасайды. Әуен ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен жеңіл секіру орындалады **Нәтиже:** Балалар музыканың баяу және жылдам қарқынын ажырата алады **Қазақ тілі** **Тақырыбы:** Сахнадағы көңіл-күй **Міндеті:** Тілдік дамытушы ортада адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл күйін жеткізуге баулу **Іс-әрекет барысы:** Тәрбиеші шағын сахналық көрініс көрсетеді. Балалар адамдар мен жануарлардың көңіл күйін мимика, қимыл	**Дене Тәрбиесі** **Тақырыбы:** Секіру және лақтыру **Міндеті:** Секіру және тік нысанаға лақтыру дағдыларын қалыптастыру **Іс-әрекет барысы:** **Негізгі қимылдар:** Аяқты бірге, алшақ қойып секіру, бір аяқпен оң және сол аяқты алмастырып секіру **Лақтыру:** 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған нысанаға лақтыру **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Бір аяқты көтеріп, көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру **Өзіне-өзі қызмет көрсету:** Киімдерін ілу, ересектер көмегімен тазалау **Нәтиже:** Балалар секіру мен лақтыруды орындауға талпынады Үнемдеу, ұлттық құндылық және цифрлық сауаттылықты дамыту **Іс-әрекет барысы:** Балалар жағдаяттар арқылы дұрыс әрекетті таңдайды. Цифрлық	**Дене Тәрбиесі** **Тақырыбы:** Музыкамен қимыл **Міндеті:** Қимылдарды музыка ырғағымен орындауға үйрету **Іс-әрекет барысы:** **Ырғақтық жаттығулар:** Бұрын үйренген жаттығуларды музыкамен орындау **Негізгі қимылдар:** Шеңберге тұру, қимылды музыка ырғағына сай орындау **Қимылды ойындар:** Ережені саналы түрде сақтай отырып ойын ойнау **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Тамақтанғаннан кейін ауызды шаюды еске салу **Нәтиже:** Балалар қимылды музыкамен үйлестіре алады **Қауіпсіздік** «Қауіпсіз – қауіпті» суреттерді көрсету Алма, доп – қауіпсіз От, өткір пышақ – қауіпті Балалар дұрыс суретті көрсету	**Дене Тәрбиесі** **Тақырыбы:** Қысқы спорт және қозғалыс **Міндеті:** Қимыл белсенділігін арттыру және спорттық жаттығуларға қызығушылық қалыптастыру **Іс-әрекет барысы:** **Спорттық жаттығулар:** Шанамен төбешіктен сырғанау, бір-бірін шанамен сырғанату **Дербес қимыл белсенділігі:** Балаларды қимылды ойындарға еркін қатыстыру **Салауатты өмір салты:** Денсаулықты сақтау туралы әңгіме **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Серуеннен кейін қол жуу **Нәтиже:** Балалар спорттық ойындарға белсенді қатысып, қозғалысқа қызығушылық танытады **Қаржылық сауаттылық – сандық** **Іс-әрекет:** Ақшаны сандыққа жинау ойыны.	**Музыка** **Тақырыбы:** Әнді таза айтамыз **Міндеті:** Әуенді таза және сөздерін анық айтуға үйрету **Іс-әрекет барысы:** Дауысқа арналған жаттығулар орындалады. Тәрбиеші әнді үлгі ретінде орындайды. Балалар әнді бірге айтып, сөздерін анық айтуға дағдыланады **Нәтиже:** Балалар әнді таза айтып, сөздерін анық жеткізе алады **Адалдық әліппесі негізінде** **Міндеті:** Адал болуға баулу. **Іс-әрекет барысы:** «Жоғалған ойыншық» ойыны – тапқан баладан шындықты айтуын сұрау. **Адалдық әліппесі негізінде** **Іс-әрекет:** «Өз ойыншығын қайтар» ойыны. **Ұлттық құндылық:** «Адалдық – ардың ісі» мақалын қайталату

	және сөз арқылы бейнелейді. Кейіпкердің көңіл күйі туралы сұрақтарға жауап береді **Нәтиже:** Балалар сахналық қойылымда көңіл күйді жеткізе алады **"Жарықты сөндір"** **Мақсаты:** Электр энергиясын үнемдеуді үйрету. **барысы:** Балалар ойын бөлмесінен шығарда жарықты сөндіруді үйренеді. Мұны әдетке айналдыру үшін, әр шығуда бірге жарықты сөндіріп тұрыңыз.	құралды шектеулі қолдану, затты үнемдеу, үлкенді сыйлау әрекеттері қайталанады. Қорытынды әңгіме жүргізіледі **Қаржылық сауаттылық – сандық** Кішкентай сатып алушы» Балалар қуыршақ ақша алып, себетке ойыншық нан, алма, су салады. Ақшаны неге үнемдейміз?		**Ұлттық құндылық:** «Тиыннан теңге құралады» қайталату	
2-ші таңғы ас	«Тамақ ішкенде сөйлемейміз» жаттығуы. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіпеу, тамақты ауызды жауып шайнау. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	«Жылы су, жылы су» тақпақ қайталау. : Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталауға үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	«Құрғақ, жұмсақ орамал» ойын жаттығуы қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	«Қасықты дұрыс ұстаймыз» жаттығуы Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	«Қолымызды дұрыстап жуамыз» жаттығуы.:Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**

Серуенге дайындық	Балаларға қысқы ауа райының салқындайтынын түсіндіру. Киімдерді (пальто, бас киім, қолғап) дұрыс кию жолдарын көрсету	Балалар тәрбиешінің көмегімен жылы киімдерін киеді. Балаларға серуен барысында жүгірмеу, жолға шықпау, топтан бөлінбеу ережелерін еске салу	Қауіпсіз серуен аймағын қарап, мұзды, тайғақ немесе қауіпті жерлерді қоршайды.	Балалардың киімдерінің толықтығын, жылы әрі құрғақ болуын тексеру,Серуен кезінде қолданылатын ойыншықтар мен құралдарды (шана, күрек, қар илеу формалары, қысқы ойын құралдары) дайындау	Әр баланы жеке-жеке, кезекпен киіндіру.Алдымен ішкі киімдерін, кейін жылы киімдерін (комбинезон, жемпір, шалбар, күртеше, етік, қолғап, бас киім) кигізеді.
Серуен	**Серуен картотекасы№11** **Міндеті:** Балаларды бірге ойнауға үйрету. **Іс-әрекеттер барысы:** Балалар қол ұстасып шеңбер құрады, бірге әндетіп жүреді. «Достар шеңбері» ойынын ойнайды. Жолдан шықпау, тәрбиешіден алыс кетпеу. **(мәдениет дағдысы, Қауіпсіздік ережесін үйрету)**	**Серуен картотекасы №12** **Мақсаты:** Домалату, лақтыру, ұстау әрекеттерін дамыту. **Бөлмеде:** Допты домалату, ұстап алу. **Далада:** Қардан “доп” жасап, бір-біріне лақтыру. **Ойын:** «Кімге барады?» **Барысы:** Балалар допты бір-біріне домалатады, “Алу”, “Лақтыр” сөздерін қайталайды. . **(Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру,қауіпсіздік сақтау дағдысы)**	**Серуен Картотекасы№13** **Міндеті:** Достыққа тәрбиелеу. **Іс-әрекеттер барысы:** «Жел соқты» ойыны. Балалар жан-жаққа тарап, қайта шеңберге жиналады. Бір-бірін итермеу, жүгіргенде абай болу. Желдің әсерін түсіндіру. **(Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру)**	**Серуен картотекасы№14** **Тақырып: «Жануарларды танимыз»** **Мақсаты:** Қысқы жануарлармен таныстыру. **Бөлмеде:** Қоян, аю, түлкі суреттерін көрсету. **Далада:** Із қалдыру арқылы “кім өтті?” ойынын ойнау. **Ойын:** «Аю ұйықтап жатыр» **Барысы:** Балалар аюды оятпай, жай жүріп өтеді. **Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру**	**Серуен картотекасы№15** **Тақырып: «Ағаштарға көмектесеміз»** **Мақсаты:** Экологиялық тәрбиені қалыптастыру. **Бөлмеде:** Ағаштың суретін қарап, жапырақтардың жоқ екенін айту. **Далада:** Ағаш бұтақтарындағы қарды сілкілеу. **Ойын:** «Ағашты қорғаймыз» **Барысы:** Балалар “ағашқа қар көп түспесін” деп сілкілейді. **(Әңгіме ойын Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру)**
Серуеннен оралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді

	және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Еңбекке баулу**
Түскі ас	Балаларды тамақтану алдында қол жуғызу Үстел басында отыру ережесін түсіндіру . Қол шапалақтап, қуанышын көрсетеді. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Тамақ ішер алдында орындыққа өзі отырады. Бата айтқанда тәрбиешімен бірге «Әумин» дейді. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Күндізгі ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. **(Музыка ән тыңдау дағдысы)**	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету **Бауырсақ** ертегісін айту Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату **(Көркем әдебиет)**	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **Мысық, әтеш және түлкі** ертегісін айту **(Көркем әдебиет)**	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету **Бесік жырын айту (Көркем әдебиет ,Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)**	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **Торғай мен тышқан** ертегісін айту **(Көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар**	Құстардың шырылын еліктейтін дыбыстар немесе табиғи музыка қосу. Бала оянғаннан кейін, төсекте отырып, жеңіл созылу жаттығуларын жасау. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар**	Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасау тыныс алу жаттығулары:Мұрын арқылы терең тыныс алу және ауыз арқылы жай шығару. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »**	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар**	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар**

			құмды жолдар		
Бесін ас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға үстелдегі тағамдарды атап, олардың түр-түсін, пішінін және дәмін сипаттау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**Тақырыбы:** Жоғары және төмен **Міндеті:** Жоғары және төмен ұғымдарын кеңістікте қолдануға үйрету **Іс-әрекеті:** **Математика негіздері:** Балалар заттарды жоғарыға және төменге орналастырып, орналасуын сөзбен сипаттайды **Құрастыру:** Биік және аласа құрылыс жасап, «жоғары», «төмен» сөздерін қолданады **Нәтиже:** Балалар жоғары және	**Тақырыбы:** Қайда орналасқан **Міндеті:** Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуге үйрету **Іс-әрекеті:** **Математика негіздері:** Балалар «алдында, артында, жанында, үстінде, астында» сөздерін қолданып, заттардың орналасуын айтады **Құрастыру:** **Қағаздан құрастыру:** қағаздың бұрыштары мен қырларын біріктіріп, желімдеу **Табиғи, қалдық материалдардан**	**Тақырыбы:** Жиынды толықтырамыз **Міндеті:** Берілген жиынды әртүрлі өлшемдегі заттармен толықтыру **Іс-әрекеті:** **Математика негіздері:** Балалар берілген жиынға үлкен және кіші заттарды қосып, олардың бір жиын екенін айтады **Құрастыру:** Өз ойынан қосымша бөлшектер дайындап, құрылысты толықтырады **Нәтиже:** Балалар жиынды толықтыра алады **Математика негізі, құрастыру таным іс-**	**Тақырыбы:** Қай қатарда артық **Міндеті:** Екі қатардағы заттарды салыстырып, артықты анықтау **Іс-әрекеті:** **Математика негіздері:** Екі қатарды жанына қою тәсілімен салыстырып, қай қатарда артық екенін айтады **Құрастыру:** Қатарлап орналасқан бөлшектерден қоршау құрастырады **Нәтиже:** Балалар артық ұғымын түсінеді **Математика негізі,**	**Тақырыбы:** Қай қатарда кем **Міндеті:** Екі қатардағы заттарды салыстырып, кемді анықтау **Іс-әрекеті:** **Математика негіздері:** Қай қатарда зат кем екенін анықтайды **Құрастыру:** Жетпейтін бөлшектерді қосып, құрылымды теңестіреді **Нәтиже:** Балалар кем ұғымын ажыратады **Математика негізі, құрастыру таным іс-әрекеті**

	төмен ұғымдарын дұрыс қолданады **Математика негізі, құрастыру таным іс-әрекеті**	**құрастыру:** табиғи материалдардан ортақ композиция жасау **Нәтиже:** Балалар кеңістікті бағдарлап, заттардың орналасуын сөзбен айта алады және әртүрлі материалдардан құрастырады **Математика негізі, құрастыру таным іс-әрекеті**	**әрекеті**	**құрастыру таным іс-әрекеті**	
Жеке баламен жұмыс	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Шығармашылық дағдыларды дамыту **Іс-әрекет барысы:** Дөңгелек, ұзын пішінді заттарды суретке салады	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру **Іс-әрекет барысы:** Балалар есімін атағанда қол көтеріп жауап береді, өзін айнадан таниды	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Қимыл дағдыларын жетілдіру **Іс-әрекет барысы:** Ойын барысында ересек бақылауымен жүгіру, еңбектеу	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Сөйлеуді дамыту **Іс-әрекет барысы:** Балалар кейбір дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтуға жаттығады	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Танымдық-зияткерлік дағдыларды жетілдіру **Іс-әрекет барысы:** Ересек үлгісіне сүйеніп қарапайым тапсырмалар орындайды
Серуенге дайындық	Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде).	Киіндіру барысында балаларға өз бетімен киінуге үйретететін шағын тапсырмалар беру (қолын жеңге салу, бас киімін кию т.б.).	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қыс мезгілінің ерекшелігі туралы қысқа әңгіме жүргізеді: қар, аяз, мұз, күннің қысқалығы, жылы киіну қажеттілігі туралы айту

		балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу			
Серуен	**Серуен картотекасы №16** Ағаш діңі мен бұтақтар. **Ойын:** «Ағашқа сүйенейік» **Барысы:** Балалар ағашты сипап көреді. **Заттық әрекет:** Қарау, тигізу, сипаттау (“тегіс”, “суық”). **Еңбек:** Бұтақ түбіндегі қарды тазалау. **Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру**	**Серуен картотекасы №17** Табандағы іздер. **Ойын:** «Ізбен жүр!» **Барысы:** Тәрбиеші із қалдырады, балалар сол ізбен жүреді. **Қимыл:** Тепе-теңдік сақтау. **Эксперимент:** Ізді қар басқанда жоғалып кетуін бақылау. **Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру**	**Серуен картотекасы №18** Адам мен жануарлардың ізі. **Ойын:** «Кімнің ізі?» **Барысы:** Балалар ізі бар суреттерден таңдайды. **Заттық әрекет:** Суреттен тану. **Тіл дамыту:** Із, аң, қар, қоян. **Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру**	**Серуен картотекасы №19** Қар еріген кездегі су. **Эксперимент:** Қарды ыдысқа салып, жылы бөлмеге кіргізу. **Ойын:** «Қардан су болады» **Барысы:** Балалар қолмен қарды сығады, судың пайда болуын көреді. **Экология:** Суды ысырап етпеу. **Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру**	**Серуен картотекасы №20** **Ойын:** «Машинаны итер!» **Барысы:** Балалар ойын көліктерін итеріп, қар үстінде жүргізеді. **Заттық әрекет:** Машинаны итеру, дөңгелегін айналдыру. **Тіл дамыту:** Машина, дөңгелек, жол. **Еңбек:** Ойыншықтарды жинау. **Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру**
Серуеннен оралу	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне –өзі қызмет етуге баулу**
Кешкі ас	Қолды жуудың маңызын оның	Үстел басына қолдарын жуған соң	Бала өзі орындықты жылжытып тұру	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға

	денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **(Ас ішу мәдениетін қалыптастыру , жеке гигиенасы сақтауды үйрету)**	отырғызу,Орындыққа өзі отыру,тамақты ұқыпты ішу, майлықты қолдану дағдысын үйрету **(Ас ішу мәдениетін қалыптастыру , жеке гигиенасы сақтауды үйрету)**	дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(Ас ішу мәдениетін қалыптастыру , жеке гигиенасы сақтауды үйрету)**	үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(Ас ішу мәдениетін қалыптастыру , жеке гигиенасы сақтауды үйрету)**	үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. **(Ас ішу мәдениетін қалыптастыру , жеке гигиенасы сақтауды үйрету)**
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Тақырыбы:** Түстерді араластырамыз **Міндеті:** Бояуларды араластыру арқылы жаңа реңктер алуды бекіту **Іс-әрекет барысы:** **Сурет салу:** Балалар екі түсті араластырып жаңа реңк алады және гүл бейнесін салады **Мүсіндеу:** Әртүрлі түсті сазбалшықты біріктіріп көлемді пішін мүсіндейді **Жапсыру:** Түрлі түсті элементтерден шағын композиция құрастырады **Нәтиже:** Балалар түстерді араластыруды меңгереді	**Тақырыбы:** Табиғат түстері **Міндеті:** Табиғаттағы түстер мен реңктерді ажырата білу **Іс-әрекет барысы:** **Сурет салу:** Табиғат көрінісін ашық жасыл, қоңыр түстермен бейнелеу **Мүсіндеу:** Ағаш немесе тас бейнесін көлемді етіп мүсіндеу **Жапсыру:** Табиғат элементтерін қағаз бетіне орналастырып жапсыру **Нәтиже:** Балалар табиғат түстерін таниды **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	**Тақырыбы:** Гүлдер алқабы **Міндеті:** Гүлдердің түсі мен реңктерін шығармашылықта қолдану **Іс-әрекет барысы:** **Сурет салу:** Әртүрлі реңктермен гүлдер салу **Мүсіндеу:** Гүлдің көлемді бейнесін жасау **Жапсыру:** Гүл пішіндерінен ортақ композиция құрастыру **Нәтиже:** Балалар түстерді үйлестіре алады **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	**Тақырыбы:** Жемістердің түсі **Міндеті:** Жемістердің түстерін ажырата отырып бейнелеу **Іс-әрекет барысы:** **Сурет салу:** Қызғылт сары, жасыл реңктермен жемістер салу **Мүсіндеу:** Алма немесе апельсинді мүсіндеу **Жапсыру:** Жеміс бейнелерін қағаз бетіне орналастыру **Нәтиже:** Балалар жемістердің түстерін дұрыс қолданады **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	**Тақырыбы:** Көлемді пішіндер **Міндеті:** Көлемді пішіндерге қызығушылықты арттыру **Іс-әрекет барысы:** **Сурет салу:** Заттарды көлемді етіп бейнелеу **Мүсіндеу:** Бірнеше бөліктен тұратын қарапайым композиция мүсіндеу **Жапсыру:** Көлемді әсер беретін элементтерді жапсыру **Нәтиже:** Балалар көлемді пішіндерді таниды **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**

	Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері				
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

Тәрбиеші:Кожина Айман Багдуллаевна
Камбарова Айымгул Кудайбергеновна

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
Топ: ересек «Ботақан» тобы
Балалардың жасы: 4 жас

Заң және тәртіп айы

Апта Дәйексөзі: «Әділ заң - аспан тірегі»

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 19.01.2026**	**Сейсенбі 20.01.2026**	**Сәрсенбі 21.01.2026**	**Бейсенбі 22.01.2026**	**Жұма 23.01.2026**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу. **Медбике тексеруі ҚР әнұранын**	Салемдесу Әр балаға ерекше көңіл бөліп, «Қайырлы таң! Бүгін күн қандай тамаша!» деп жылы сөз	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру**	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін**	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру**

	орындау ойыны (балалар кезекпен қарапайым сөйлемдерді қайталайды).	айту. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі» -** балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	**Күймен қарсы алу**	**толтыру** **Күймен қарсы алу**	**Күймен қарсы алу**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әр ата-ана өз үлесін қосу арқылы топтың дамуына көмектесетінін түсіндіру. Ата-аналар бір-біріне қолдау көрсетудің маңызын ұғынады.	Бала – айна» қағидасын түсіндіру Ата-аналар өз қылықтарына сын көзбен қарай бастайды.	Жақсы сөздің бала психологиясына әсері. Ата-аналар жылы сөзді жиі қолдануды әдетке айналдырады.	Бала – айна» қағидасын түсіндіру Ата-аналар өз қылықтарына сын көзбен қарай бастайды.	Үйде бірге ойнау жолдары. Ата-аналар балаларымен ойынды ұйымдастырады.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**Тақырыбы:** Суретке қарап сөйлейміз **Міндеті:** Сурет бойынша өз бетінше сөйлеу **Іс-әрекеті:** **Тіл дамыту:** Суреттегі әрекеттерді сипаттау **Көркем әдебиет:** Суретке сәйкес мәтінді тыңдап, мазмұнын айту **Нәтиже:** Балалар сурет бойынша сөйлеуге талпынады **Тіл дамыту, көркем**	**Тақырыбы:** Балалар әрекеті **Міндеті:** Балалар әрекеттерін бейнелеп сөйлеу **Іс-әрекеті:** **Тіл дамыту:** Ойын, еңбек, қимыл әрекеттерін сипаттау **Көркем әдебиет:** Балалар туралы өлең тыңдап, қайталау **Нәтиже:** Балалар әрекеттерді сипаттай алады **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** Сөйлемді толық айт **Міндеті:** Толық сөйлеммен жауап беруге үйрету **Іс-әрекеті:** **Тіл дамыту:** Сұраққа толық жауап айту **Көркем әдебиет:** Сөйлемдері анық мәтінді тыңдау **Нәтиже:** Балалар толық сөйлеммен жауап береді **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	Кейіпкер әрекеті **Міндеті:** Кейіпкердің іс-әрекетін түсіну **Іс-әрекеті:** **Тіл дамыту:** Кейіпкер не істегенін ретімен айту **Көркем әдебиет:** Әдеби кейіпкердің әрекетін қадағалап тыңдау **Нәтиже:** Балалар кейіпкер әрекетін түсінеді **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** Оқиға желісі **Міндеті:** Сюжет желісін сақтап айту **Іс-әрекеті:** **Тіл дамыту:** Оқиғаны басы, ортасы, соңы бойынша айту **Көркем әдебиет:** Мәтінді ретімен қайталап айту **Нәтиже:** Балалар оқиғаны ретімен айтады **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**

	әдебиет іс-әрекеті				
Таңертенгі жаттығу	**№11 жаттығу** Балалар бір-бірінің иығынан ұстап, кішкентай топпен жүреді. Белгіде тоқтап, алға-иықтарын еңкейтіп созылады.	**Таңғы жаттығу №11** **Қимыл мен ырғақ Әнмен серіктесу:** Музыкамен қимылдарды орындау (қолмен соғу, аяқпен шапалақтау). **Ырғақты жүгіру:** Әннің ырғақтарына сай жүгіру. **Қарапайым би қимылдары:** Әнмен бірге айналу, қолды жоғары көтеру, төмен түсіру. **Қолды сермеп қозғалту:** Әуенмен бірге жеңіл қозғалу, қолды алдыға және артқа сермеп қимыл жасау.	**№12 жаттығу** Балалар қолдарын беліне қойып, түзу сызық бойымен жүріп өтеді. Белгіде қолдарын жоғары көтеріп, алақандарын біріктіреді.	**№13 жаттығу** Балалар жұптасып, бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер ішінде жүреді. Тоқтағанда арқаларын түйістіріп, отырып тұрады.	**№14 жаттығу** Балалар «қоян» сияқты тізелерін бүгіп, жеңіл секіріп жүреді.
Таңғы ас	Балаларды тамақтану алдында қол жуғызу Үстел басында отыру ережесін түсіндіру . Қол шапалақтап, қуанышын көрсетеді. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **Кесте бойынша кезекшілікті орындау** **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу
Кестеге сай ҰІӘ	**Музыка** **Тақырыбы:** Музыкамен билейміз **Міндеті:** Музыканың көңілді сипатын қабылдауға, кіріспені ажыратуға және музыка сипатына сәйкес қимылдарды орындауға үйрету **Іс-әрекет барысы:** Балалар музыканың кіріспесін тыңдайды, кіріспе аяқталғаннан кейін қимылды бастайды. Музыканың сипатына қарай қимылдарын ауыстырады. Қарапайым би қимылдары орындалып, би атаулары қайталанады **Нәтиже:** Балалар музыканың көңілді сипатын сезініп, кіріспеден кейін қимылдарды	**Дене Тәрбиесі** **Тақырыбы:** Сапта жүруді бекіту **Міндеті:** Сапта бір-бірден дұрыс жүру дағдысын жетілдіру **Іс-әрекет барысы:** **Негізгі қимылдар:** Балалар сапта бір-бірден жүреді, шеңберге тұрады **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды иыққа қойып, шынтақтарды бүгіп, айналдыру **Қимылды ойындар:** Ережені сақтай отырып қозғалысты ойын ойнау **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қол жуу қажеттілігі туралы еске салу **Нәтиже:** Балалар сапта дұрыс жүреді **Өнегелі мінез-құлықты қалыптастыру**	**Дене Тәрбиесі** **Тақырыбы:** Тепе-теңдік жаттығулары **Міндеті:** Тепе-теңдікті сақтауды бекіту **Іс-әрекет барысы:** **Негізгі қимылдар:** Гимнастикалық скамейка бойымен жүру **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Тізені бүгу, алға созу, қайта бүгу **Дербес қимыл белсенділігі:** Балаларды өз бетімен қозғалысқа тарту **Салауатты өмір салты:** Дұрыс қозғалыстың денсаулыққа пайдасын айту **Нәтиже:** Балалар тепе-теңдікті сақтай алады **Үнемдеу «Заттарды ұқыпты**	**Дене Тәрбиесі** **Тақырыбы:** Шеңбер бойымен жүгіру **Міндеті:** Шеңбер бойымен жүгіру дағдысын дамыту **Іс-әрекет барысы:** **Негізгі қимылдар:** Шеңбер бойымен жүгіру, тоқтап қайта жүгіру **Ырғақтық жаттығулар:** Қимылдарды музыкамен орындау **Қимылды ойындар:** Белгі бойынша жүгіру ойыны **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Ауызды шаюды еске салу **Нәтиже:** Балалар шеңбер бойымен еркін жүгіреді **Өрт кезінде**	**Музыка** **Тақырыбы:** Музыканы сезінеміз **Міндеті:** Тыңдалған музыканың көңіл-күйін сезініп, оны қимылмен және сөзбен жеткізуге үйрету **Іс-әрекет барысы:** Балалар көңілді музыкалық шығарманы тыңдайды. Тыңдау барысында музыка қандай екенін тәрбиеші сұрайды. Балалар көңілді әуенге сәйкес қимылдар орындайды, алған әсерлерін қысқа сөздермен айтады **Нәтиже:** Балалар музыканың көңіл-күйін ажыратып, өз әсерін жеткізе алады **Адал азамат біртұтас тәрби негізінде** **Міндеті:** Достық қарым-қатынас құқығын білу. **Іс-әрекет барысы:**

	бастайды және би қимылдарын орындай алады **Қазақ тілі** **Тақырыбы:** Ү дыбысы **Міндеті:** Қазақ тіліне тән ү дыбысын жеке және сөз ішінде анық айтуға баулу **Іс-әрекет барысы:** Артикуляциялық жаттығулар орындалады. Тәрбиеші ү дыбысын жеке айтып көрсетеді. Балалар дыбысты жеке, кейін сөз ішінде қайталайды. Қысқа сөздермен жұмыс жүргізіледі **Нәтиже:** Балалар ү дыбысын анық айтуға талпынады **"Қауіпсіздік ережелері"** **Мақсаты:** Балаларды тұрмыста қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. **Ойын:** **"Қауіпті/қауіпсіз"** Балаларға түрлі заттардың суреттерін (өткір пышақ, ыстық	Балалармен бірге «ең жақсы дос» болу туралы әңгіме жүргізу, бір-біріне көмектесу мен қамқор болудың маңыздылығын түсіндіру. Құрмет, мейірімділік және төзімділік туралы мысалдар келтіру.	**ұстайық»** “Бүтін ойыншық жақсы ма, сынған ба?” сұрағы қойылады. Балалар ойыншықтарды орнына қояды, жинайды. Ойын: «Ойыншықтарды орнына апар».	**қауіпсіздік сақтау** **Іс-әрекет:** «Отқа жолама» ойынын ойнау, қолды жоғары көтеріп шығу жаттығуы. **Ұлттық құндылық:** «От – досың да, қасың да» мақалын қайталату.	«Досыма көмектесемін» ойыны – жұптасып ойнау

	шәйнек, жұмсақ ойыншық, қалам) көрсетеді. Олар қауіпті заттарды атап, неге қауіпті екенін айтады. Үйде қауіпті заттарды көрсетіп, оларға жақындамау керектігін есте сақтау.				
